

## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

*Қалиев Б.А.*

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессоры  
қазақ тіл білімі кафедрасы,*

*Рамазанова Ж.С.*

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
журналистика кафедрасының меңгерушісі*

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.*

*Қарағанды қ., Қазақстан*

Қазіргі терминология ғылымындағы шешімін таппай жүрген мәселенің бірі – халықаралық терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу немесе бір сөзбен айтқанда, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі. Бұл мәселе төңірегіндегі ғалымдардың пікірі де әртүрлі.

Бұрын халықаралық термин туралы біржақты пікір қалыптасқаны белгілі. Яғни бір топ тілде қолданылатын ондай сөздерді «орыс тілінде қалай жазса, біз де солай жазайық, олар қалай айтса, біз де солай айтайық» деп келді. Ал енді бүгін тілімізге халықаралық болмаса да, мемлекеттік мәртебесіне лайық құрмет көрсететін кез жетті.

Кейінгі уақытта елімізде сан алуан ғылым саласы дамып, қалыптасып, өркендей бастады. Әрбір ғылым саласы тілдік қорымызды ғылыми ұғым, жат сөздермен толықтыруда. Қоғам дамуы, терминнің қалыптасуының нәтижесінде енген сөздер, бір қарағанда, назар аударатындай мәселе болмауы мүмкін. Алайда біз терминді оңды-солды қабылдай берсек, онда тіліміздің келешегін көз алдымызға елестетудің өзі қиын. Сондықтан терминдерді қолданғанда оларды тіліміздің заңдылығына сай ыңғайлап алу қажет.

Бұл жөнінде Алаш қайраткерінің бірі – Х.Досмұхамедұлының 1923 жылы жазған мақаласында: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» [1, 203], – деуі соған дәлел.

Қазақ тілінде ғылым-білім саласына қатысты термин сөздердің жасалуы қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы ғалым, педагог Ыбырай Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты.

Ы.Алтынсарин 1879 жылы жарық көрген «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» деген еңбегінде қазақ тіліне тән пәндік атауларды (термин) сол кездің өзінде қазақша берген [2]. Мәселен, нәрселердің аттары (зат есім – имя существительное), зат-мақұлықтың қасиетінің аттары (сын есім – имя прилагательное), ақыры өзгермейтін сөздер (үстеу мен демеу – наречие и союз), есеп аттары (сан есім – имя числительное), зат-мақұлықтың істеген әрбір істерінің аттары (етістік – глагол), сөздің бөлімі (сөз табы – части речи), осы уақыт, өткен уақыт, болашақ уақыт, бұйрық мағынадағы сөз (бұйрық рай) т.б. деп атаған. Осы грамматикалық атаулардың өзі Ыбырай атаған атаумен ұштасып жатқанын байқаймыз.

Сондай-ақ осы еңбекте қазақ тілінің орыс тіліне сәйкес келмейтін, оның грамматикалық заңдылығына бағына бермейтін басты-басты ерекшелігін баса көрсетіп, оқушыларына ескертіп отырған.

Ал XX ғасырда бұл атауларды, яғни қазақ тіл білімінің термин-ұғымын Алаштың ардақтысы, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы толықтырғанын зор мақтанышпен айта аламыз.

А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген термин жасаған. Бұларға қоса А.Байтұрсынұлының тарих, этнография мәселесімен де шұғылданғанын ахметтанушылар айтып жүр. Ұлы ағартушы ғылым, білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде айрықша мән берген

және шығармаларында ұлт тілінің бар мүмкіндігін сарқа қолдана білген. Сондықтан ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген термин мен жаңа қолданыстың болатынына еш күмәнданбаймыз.

Ғалымның терминжасамның тәсілі мен жолдарын анықтап бергені – ерекше атап айтуды қажет ететін мәселе. Яғни А.Байтұрсынұлы – терминжасам тәсілін анықтап, оларды өз тәжірибесінде алғаш рет кеңінен пайдаланған ғалым.

Ол терминжасам тәсілінің өзіндік ерекшелігіне үңіле отырып, негізінен, қазақ тілінің сөзжасам тәсілін молынан пайдаланған. Оны тіл маманының қаламынан туындаған жүздеген термин сөз дәлелдейді. Мәселен, жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс т.б. термині семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекше, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген термині морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, толымды сөйлем т.б. терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған [3].

Осы терминнің кейбірі орыс тіліндегі терминнің негізінде калька тәсілі арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, туынды сөз, тұрлаулы мүше, қос сөз т.б.) жасалғанын байқаймыз.

Ғалым терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиетін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдаланып, көңілге қонымды термин жасаған. Осындай терминдер тіліміздің терминологиялық лексикасы қатарынан берік орын алып, бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып келеді. Олардың тілімізде қалыптасып кеткені сол терминдердің сәтті жасалғанын айқын дәлелдейді.

А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминнің біразы кезінде қолданыстан шеттетілсе де, ғалым жасаған терминнің көбі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминнің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтыны да аз емес. Мәселен, әйгілі әдебиетші Р.Нұрғали ғалымның терминология саласындағы еңбегі жайында: «Сан алуан фольклорлық шығарманы топтап саралауға мүмкіндік беретін суықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» [4, 12-13], – дейді. Осы үлгімен қазір де біз сауалдама, бастама, лездеме, реттеме, кездеме, аялдама, баяндама, рұқсаттама т.б. термин сөздерді жасап, пайдаланып келеміз.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне қатысты жасаған терминдерін арнайы қарастырған профессор Ш.Ш. Жалмахановтың тұжырымдауынша, ғалым қазақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл – құрал» оқулықтарында (1914, 1915, 1925 ж.) қолданылған лингвистикалық 310 терминнің 118-і (38,5%) қазіргі тіл білімінде сол күйінде жұмсалып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды екен [5].

Осы терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктейтін болсақ:

- фонетикаға қатысты – 108 (35,4%)
- лексикологияға – 11 (3,6%)
- морфологияға – 109 (34,9%);
- синтаксиске – 64 (21,3%)
- жалпы тіл біліміне – 18 (4,8%) жатады екен.

Ұлы ағартушы жасаған пәндік атаулар (термин) семантикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілге негізделген: 1) тілімізде бұрыннан бар сөздердің мән-мағынасын жаңарту (жұрнақ, шырай, ноқат, одағай), 2) тілімізде бұрыннан бар сөзге жұрнақ жалғау (есім+ше, көсем+ше, сызық+ша), 3) төл сөздерді тіркестіру (қос ноқат, қымқырулы толық дауысты, мөңдік жақ) [5].

Жалпы, термин жасау дағдысында А.Байтұрсынұлы ұстанған ең басты қағидат – термин жасауда ана тіліміздің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану болды. Яғни

термин жасау ісінде, ең алдымен, қазақ тілінің өз мүмкіндігіне көбірек сүйенді. Ол жасаған терминнің бәрі дерлік ана тіліміздің өз байлығы, өз сөздері. Ал оны іске асыру барысында әртүрлі амал қолданды. Ең алдымен, заттық, атаулық ұғымын берерлік сөздерді іріктеді және сөздерді тіркестіре қолдану арқылы термин жасады.

Қысқаша түйіндесек, қазіргі қазақ сөзінің ғылыми әлеуетінің күшеюі, байырғы лексикамыздың терминдік сипатының кеңеюі, ең алдымен, А.Байтұрсынұлының еңбегімен байланысты. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған тіл білімі терминологиялық лексикасы мен әдебиеттану ғылымының терминдері бүгінде де рухани қажеттілігімізді толық өтеп отыр деп айта аламыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – Алматы: Аламан, 1991. – 176 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1975.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 324 б.
4. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 469 б.
5. Жалмаханов Ш.Ш. А.Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1997. – 68 б.

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – КӨСЕМСӨЗДІҢ ШЕБЕРІ**

*Жақан Ә.Қ.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
ҚарУ-дың аға оқытушысы  
Қарағанды қ. Қазақстан*

Алаштың тарихи тұлғасы, ұлт ұстазы, ғұлама ғалым, сұңғыла суреткер Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ журналистикасында да өзіндік із тастап, мектеп қалыптастырған мықты журналист. Бар саналы ғұмырын ұлтты оятуға, халықты ағартуға арнаған Аханның публицистика жанрындағы барша еңбегін қарап, саралауға қаншама уақыт кетері сөзсіз. Дегенмен, ұстанатын бір қазық – 1913 – 1918 жылдар аралығында шығып тұрған «Қазақ» газеті Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Бес жылдай ғана халықтың рухани сұранысын өтеген есіл үнпарақ өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі де барлық басылымдардан оқ бойы озық тұрады дейді бүгінгі зерттеушілер. Неге? Бұл сұрақтың жауабын табу үшін сол бес жылда ұлтымызға ұлы қызмет атқарған, елге ерекше еңбегі сіңген «Қазақ» газетінің басты материалдарын, өзекті тақырыптарын бір арнаға тоғыстырған кітапты қарап шығуға болады.

Алаш азаматтарының рухына бағышталған басылымды жиыстырып, құрастырып, зерделей-зерттеген, түсіндірме жазған ғалымдар Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. Бас редактор Ә.Нысанбаев. Аталмыш еңбек «Қазақ» газетін ұйымдастырушы һәм тұңғыш редакторы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толу қарсаңында жарыққа шыққан екен. Жинақ жөніндегі пікірге зер салсақ: «Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойының көшбасшысы болған «Қазақ» газеті арада 80 жылға жуық уақыт өткенде архив қапасынан жарыққа шығып, жеке жинақ түрінде қалың оқырман қауыммен қайта қауышты. Жинақта «Қазақ» газетінің тарихи және танымдық құндылығын әлі күнге дейін жоғалтпаған мақалалары сол қалпы тұтас жарияланған. Кітап соңында «Қазақ» газетінің авторлары туралы энциклопедиялық анықтамалар мен газетте жарияланған мақалалардың қысқаша мазмұны баяндалған библиографиялық көрсеткіш берілген» [1, 4] – дегенді айтады. Кітап түріндегі газеттен Ахмет Байтұрсынұлының мынадай мақалаларын кездестіруге болады: «5 мың десетина жер», «Орысша оқушылар», «Жауап хат», «Қазақтың бас ақыны», «Алаш азаматтарына» (М. Дулатұлымен бірге),